Адам құқықтарын бұзатын және халықаралық санкцияларға ұшыраған субъектілермен байланысының болмауы және екіжақты мақсаттағы материал ретінде бериллийді қайта өңдеу технологияларын таратпау саясаты туралы «ҮМЗ» АҚ-ның мәлімдемесі

«ҮМЗ» АҚ мүлтіксіз ұстанатын негізгі қағидаттарға, оның ішінде жеткізу тізбегінің ашықтығын сақтау, материалдарды, сонымен қос мақсаттағы материалдарды сатып алу және экспорттау кезінде тиісті сақтықты сақтау жатады. Бұл әрекеттердің барлығы ұлттық және халықаралық стандарттарға қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

«ҮМЗ» АҚ халықаралық санкциялармен, адам құқықтарының бұзылуымен және заңсыз қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді анықтау тұрғысынан мәмілелер жасасу алдында контрагенттерге комплаенс - тексеру жүргізеді. «ҮМЗ» АҚ беделіне нұқсан келтіруі мүмкін тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырмайды, сондықтан заңнаманы, комплаенс саласындағы талаптарды қасақана және/немесе үнемі бұзатын компаниялармен немесе тұлғалармен ынтымақтастықты болдырмайды*.

«ҮМЗ» АҚ экспорттық бақылау талаптарын барлық әлеуетті және қолданыстағы тұтынушылардың назарына міндетті түрде жеткізеді. Барлық экспорттық операциялар 2022 жылғы 28 желтоқсандағы «Ерекше тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қатаң сәйкес жүзеге асырылады. Өнімді экспорттау түпкілікті пайдаланушыны сәйкестендіру және тексеру рәсімінен өткеннен кейін уәкілетті орган (ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі) беретін ресми мемлекеттік лицензиялар негізінде ғана жүргізіледі. Зауыт өзінің экспорттық саясатын, оның ішінде Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) жарғысын, Ядролық қаруды таратпау туралы шартты (ЯҚТШ) және ядролық материалдар мен қос мақсаттағы материалдарға қатысты Ядролық жеткізушілер тобының (ЯЖТ) басшылық қағидаттарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

Кәсіпорындағы барлық өнімдер мен қайта өңдеу технологиялары оларды мақсатсыз пайдалану немесе халықаралық санкциялар мен бейбіт бағдарламаларды айналып өту мүмкіндігін болдырмайтын мониторингтен өтеді.

Әлемдік нарықтың ірі және адал қатысушысы бола отырып, «ҮМЗ» АҚ жеткізілімдердің ашықтығы, адам құқықтарын сақтау және ядролық қауіпсіздіктің жаһандық қағидаттарын сөзсіз бөліседі және қолдайды.

* *«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ корпоративтік этика және комплаенс кодексі* https://www.ulba.kz/files/VJnlC9K9sEU1FncbZqz85yYpQLJ3TNpF1r0OvJZ4.pdf